

Қарағанды мемлекеттік медицина университеті  
Медициналық биофизика және информатика кафедрасы

# СӨЖ

**XX ғасырдың басындағы қазақ мәдениеті**

**Орындаған: Юлдашов С.Т**

114 топ ЖМФ

**Тексерген: Абдрахманова К.Ж**

Қарағанды 2010

## Жоспары:

Кіріспе

Негізгі бөлім

1. XX ғасыр мәдениеті
2. XX ғасыр — өрлеу кезеңі
3. Абайдан басталған қазақ мәдениеті
4. XX ғасырдың басындағы қазақ музыкасы
5. XX-ғасыр басында өмір сүрген әнші, күйшілер .
6. XX ғасырдағы сауатсыздықпен күрес
7. Көрші халықтары мәдениетінің әсер етуі

Қорытынды

Қолданылған әдебиеттер

# Кіріспе

20-30-шы жылдардағы оқу-ағарту ісімен мәдениет мәселесі тарихымызда әлі толық анықтала қоймаған күрделі мәселе. Мұның басты себебі, осыған байланысты ресми мәліметтердің өзара қайшылықта болуы дер едік. 20-30-шы жылдардағы ұлт зиялылардың ағартушылық қызметі арқылы тоталитарлық жүйесі қарсылығының ерекше түрі болғандығын көрсетуі біздіңше құптарлық пікір деуге болады. Кеңес заманында қазақтарда қазан революциясына дейін оқығандар болған жоқ деген тезис белең алып келгені баршаға мәлім. Ал шын мәнінде тарихи шындық басқаша болған. Профессор Х.Әбіжановтың статистикалық мәлім еттеріне сүйеніп жасаған мына мәліметтеріне сүйенсек, ХХ ғасырдың басында қазақ өлкесінде қазақтардан 3000-дай мұғалімдер, 600-ге жуық ауыл шаруашылық мамандары, ал 30-ға жуық қазақ азаматы жоғарғы медицина мамандық алған.

## XX ғасыр мәдениеті

Адамзат тарихында XX ғасыр мәдениетінің алатын орны ерекше. Өйткені, бұл кезең тарихи оқиғаларға, қантөгіс соғыстарға, сан-қилы дағдарыстарға толы сындарлы заман болды. Ғылым мен техниканың қарышты қадамы, жарқын болашаққа деген сенім өркениетті дамыған елдерде біртұтас жалпы адамзаттық мәдениеттің дамып, қалыптасуына әсерін тигізбей қойған жоқ. Ғасыр аяғында планетамызда парасаттылық пен ізгіліктің кеңінен өріс алуы жалпы адамзаттық мәдениеттің дамуына және оның ұлттық түрлерінің нәрленуіне, олардың өзара қарым-қатынастарының жаңа арнаға түсуіне ерекше әсер етті. Қазақ мәдениеті XX ғасырды әрі үмітпен, әрі түңілумен қарсы алды. Дүниежүзілік техникалық және демократиялық прогресс Азия орталығына да жете бастады.

## XX ғасыр — өрлеу кезеңі

XX ғасырдың басында С.Сейфуллин, І. Жансүгіров, Б. Майлин, М. Әуезов өздерінің алғашқы шығармаларын жариялады. Кейін бұлар кеңес өкіметі кезеңіндегі қазақ әдебиетінің негізін қалаушыларға айналды. Қазақ халқы музыкалық мәдениеті: сазгерлер Құрманғазы, Дәулеткерей, Дина Нұрпейсова, Тәттімбет, Қазанғап, Ықыластың өлмес күйлері жарық көрді. Қазақ баспасөзінің дамуы күшейді. Мысалы, 1911 жылы бірінші қазақ журналы “Айқап” жарық көрді, өмір сүрген төрт жыл ішінде оның 88 нөмірі шықты. 1913-1918 жылдары “Қазақ” газеті шығып тұрды.

Қазақ авторларының кітаптарын шығару ұлғайды. (Петербургте, Қазанда, Орынборда, Ташкентте Абай Құнанбаевтың, Ыбырай Алтынсариннің, Ахмет Байтұрсыновтың, Міржақып Дулатовтың, Әбубәкір Диваевтың және т.б. Ақын-жазушылардың шығармалары басылып шықты). 1912 жылы Семейде қазақ тіліндегі кітаптарды басуға мамандырылған “Жәрдем” баспаханасы құрылды.

# Абайдан басталған қазақ мәдениеті

Абайдан басталған қазақ мәдениетіндегі тың сарын ХХ ғасырдың бас кезінде ары қарай жалғасты. 1909 жылы Абай Құнанбайұлының шығармалар жинағы ресми баспадан шықты. Демократиялық бағытта дами бастаған С.Торайғыров, С.Дөнентаев, Т.Ізтілеуов, М.Көпеев және т.б. Мұрасы шығыс әдебиетінен ерекше орын алды. С.Торайғыровтың “Шәкірт ойы”, “Алты аяқ”, “Бір адамға”, “Адасқан өмір” шығармаларында қазақ ауылының өміріндегі өзгерістер сипатталады. Б.Майлиннің “Шұғаның белгісі”, С.Көбеевтің “Қамар сұлуы” халық арасына кең тарады. А.Байтұрсыновтың “Қазақ қалпы”, “Қазақ салты”, “Жиған-терген” өлеңдері қазақ халқын саяси оятуға арналған.

## **XX ғасырдың басындағы қазақ музыкасы**

XX ғасыр басындағы халық мәдениетіндегі жан-жақты дамыған сала—музыкалық мәдениет. Қазақ музыкасын дамытуға үлес қосқандар: Кенен Әзірбаев, Балуан Шолақ, Дина Нүрпейісова, Ыбырай Сандыбаев, Сүгір, қазақтың бұлбұлы Майра Шамсутдинова, Қали Байжанов, Манарбек Ержанов, Әміре Қашаубаев, т.б.

Естайдың “Майдақоңыры”, Динаның “Көңіл ашары” мен “Әскерге алу” күйлері шықты. Үкілі Ыбырайдың “Гәкку” әні сүйіспеншіліктің өзіндік әнұранына айналды. Мұхиттың “Зәуреші” нағыз “Реквием” саналды.(А.Жұбановтың сипаттамасы). Абай мен Мұсаның әндері еуропалық музыкалық мәдениет элементтеріне бай екендігімен ерекшеленеді.



# XX-ғасыр басында өмір сүрген әнші, күйшілер .

Аты жөні	Өмір сүрген жылдары	Туған жері	Шығармалары	Жетістіктері
Үкілі Ыбырай Сандыбай ұлы	18960-1930ж	Көкшетау облысы	Үкілі Ыбырай Сандыбай ұлы	
Дина Кенже қызы Нұрпейісова	1861-1955ж	Батыс Қаз обл. Жаңа қала ауд	Күйлері: «Бұлбұл» «Байжұма» «Жеңіс» т. б	Халық артисі
Естай Беркімбаев ұлы	1868-1943ж	Павлодар обл. Екібастұз ауд	әндері: «Құсни-Қорлан», «Хорлан» «Майда Қоңыр» т.б	
Балуан Шолақ (Нұрмұхамбет Баймырза ұлы)	1864-1919ж	Ақмола обл .Еңбекшілдер ауд	әндері: «Ғалия» «Көкшетау» «Желдірме» т.б	Атақты палуан, далалық цирк өнерінің негізін салушы.
Қали Байжанов	1877-1966ж	Павлодар обл. Баянауыл ауд		Қазақ халық әншісі
Кенен әзірбаев	1884-1976ж	Жамбыл обл. Қордай ауд	«Ой Жайлау» «Көк шолақ» «Бозторғай» т.б әндер	150 ге жуық әні бар
Мәриям Жагор қызы	1887-1950ж	Ақмола обл. Қорғалжын ауд	«Дудар-ай»	Қазақ жігіті Дүйсенге арнап жазылған
Әміре Қашаубаев	1888-1934ж	Шығыс Қаз. Абай ауд		1921ж Парижде бүкіл д.ж фестивалінде 2-орын алған әнші, ұлттық театр өнерінің негізін қалаушы
Майра Уәли қызы Шамсутдинова	1896-1929ж	Павлодар	«Майра» «Бақша» «Ертіс» т.б әндері	Кәзір Майра атында әншілер байқауы өтеді

## XX ғасырдағы сауатсыздықпен күрес

XX ғасырдың бас кезінде өлке халқының негізгі көпшілігі оқи да, жаза да алмады. Сондықтан революциядан соң бірден ересектерді оқыту үшін сектептер мен курстар ашыла бастады. Әулие –Ата қалалық жқмысшы және солдат депутаттары кеңесі жылы қарашада сауат ашу мектебін ашу туралы мәселе қарап, бұл мақсатқа қажетті ақша қаржысын бөлу туралы шешім қабылдады. Жылдың бас кезінде Верныйда, Семейде, Ақмолада және т.б. жерлерде сауатсыздар үшін мектептер ашылды. XX ғасырдың басында бастауыш мектептер бойынша жан басына шаққанда бөлінген қаражат мөлшері: Торғай облысы— 6,9 тиын, Ақмола—2,5 тиын, Жетісу1,9 тиын, Сырдария—1,8 тиын.

1935 жылы бастауыш мектептер желісі құрылды. 50-жылдары жалпы жеті жылдық білім беру, 60-жылдары сегіз жылдық, ал 70-жылдары орта білім беру жүзеге асырылды. Жалпы 1935 жылы бастауыш мектептер желісі құрылып бітті, балаларды қамту деңгейі 90%-ға жетті, бірақ толық орта білім берудің жоқтығын мына айғақ дәлелдейді, яғни 1936 жылы бүкіл республика бойынша орта мектепті небары 11 ғана қазақ баласы бітірген. Жоғары және орта арнайы оқу орындар республикада соғыстан кейін ашылды. 50-жылдары 13 институт, 60-70-жылдары 27 жоғары және 100-дем астам орта арнайы оқу орындары ашылды. Білім беру жүйесінің идеологияландырылғанына қарамастан, жоғары оқу орындарындағы даярлық сапасы жоғары болды. Сонымен қатар білім деңгейінен ғылым мен техниканың жаңа жетістіктерін меңгермеушілік байқалды

# Көрші халықтары мәдениетінің әсер етуі

Көшпелі мал шаруашылығы мен суармалы егіншілік Қазақстан тайпаларының бірыңғай мәдениетінің негізін қалады. Қазақ халқының мәдениетіне көрші халықтардың, әсіресе, Еділ маңы, Сібір және Орта Азия халықтарының мәдениеті едәуір ықпал етті. Сондай ақ мұсылмандық мәдениет те айтарлықтай із қалдырды. XV-XX ғасырдың басында Қазақстанда қазақ далаларының ежелгі тайпалары мәдениетінің таңдаулы дәстүрлеріне негізделген бірыңғай мәдениет іс әрекетте болды.

# Қорытынды

Бүгін Қазақстан әлемдегі қарыштап алға басқан жас мемлекеттердің бірі. Қазақ халқының ата тарихы жарқын болашаққа ұмтылған елімізге рухани нәр берері анық. Оның тарихы қаһармандыққа толы шежіре. Кез келген халық өсіп тұрған ағаш сияқты, ал халықтың тарихы оның тамырына ұқсайды. Тамыр неғұрлым тереңге барса, соғұрлым ағаштың алатын нәрі де көп болмақ. Жер жүзін жаһандану үрдісі қамтыған уақытта өз кескін-келбетін, этностық құндылықтарын сақтап қалу оңай емес. Бұл мәселе қазақ мәдениетінің де алдында тұрған жағдай. Әміршілдік жүйе тұсында ұлттық негіздерінен ажырап, мазмұн жағынан пролетарлық, түр жағынан ұлттық қазақ өнері еңсе көтеріп, жаңаша ұлттық түр сипат қалыптастыра бастады. Отаршылдық дәуірінде және тоталитарлық үстемдік кезінде жазықсыз жазаға ұшыраған қазақ әдебиеті өкілдерінің еңбектері қайта жариялана бастады. Қара түнек заманда ел қамқоры болған азаматтар басын бәйгеге тігіп, ұлттық мүддені қорғап қалды. Олар өз пайдасын емес, ел-жұрттың бақытын аңсады. Бүгінде сол бақыт, еркіндік халықтың өз қолында.

## **Қолданылған әдебиеттер:**

1. А.К. Ақышев “Қазақстан тарихы” очерктері, 1994 жыл “Дәуір” баспасы.
2. “Қазақтың дәстүрлі мәдениеті”
3. “Мәдениеттану”
4. “Қазақстан тарихы” Шың кітабы, 2005 жыл.

### **Интернет беттерінен**

<http://www.google.kz>

<http://www.yandex.ru>

<http://www.historu.kz>

Зейін қойып  
тыңдағандарыңызға рахмет  
!!!